

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

9. <https://bugin.kz/18395-zhurnalictikanyinh-negizgi-funktsiyasy-men-qyzmeti>
10. https://el.kz/akparattik_kazakistan_zhana_medianin_damui_25336/
11. Кройчик Л. Е. Система журналистских жанров // Основы творческой деятельности журналиста / под ред. С. Г. Корконосенко. СПб., 2000.
12. <http://newreporter.org/2014/01/10/7-trendov-cto-zhdet-novye-media-v-2014-godu/>
13. <http://www.inform.kz/rus/article/2776505>
14. Жапек М., Оразбай Г. Қазақстандық интернеттің тұған күні қашан? // ҚазҰУ хабаршысы. - 2008.-№1.- 42-45 б.
15. Байтілеуова Г. Ақпараттық технологиялардың тиімділігі // Қазақстан мектебі. – 2008. - №6. – 34 б.
16. Алексеева М.И., Барышева О.В., Гиляревский Р.С. Электронная книга. Взгляд в будущее М., 2000.
17. См.: Бакулев Г.П. Массовая коммуникация: западные теории и концепции. М., 2005.
18. Цифрларды тарихқа қалай айналдыруға болады. Жаңа бастап жатқандарға мәліметтер журналистикасы. Гамбург, Новосибирск, Луцк, 2020
19. Рэндалл Д. Әмбебап журналист. – М., 1996
20. Дэвис Э. Техногнозис: миф, магия и мистицизм в информационную эпоху / пер. с англ. С. Кормильцева, Е. Бачиной, В. Харитоновой. — Екатеринбург: Ультра. Культура, 2008.

ӘОЖ 070:94(574)

«АЛТЫН АДАМНЫҢ» ӘЛЕМ МҰРАЖАЙЛАРЫНА ШЕРУІНІҢ БАҚ – ТА КӨРІНІС ТАБУЫ

Бекетаева Нүргүл

nurgul@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық журналистика

білім беру бағдарламасы бойынша 1-курс магистранты

Ғылыми жетекші – Г.Ш.Әшірбекова

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қалыптасып, әлеуметтік ғылымдар институтының негізгі салаларының бірі ретінде қазығын берік қаққан журналистиканың бүгінгі күні қоғамда алатын орны айрықша. Ғалым Г.И. Хмара «журналистика – ақпарат тарату, ағартушылық, көңіл көтеру (гедонизм) функцияларын атқарады» – деген анықтама берсе, ресейлік академик В.Г. Афанасьев қоғамды басқару процесін анықтағанда: «БАҚ – тың басты функциясы – саяси тәрбиелік, насихаттық, басқарушылық және ұйымдастырушылық қызмет» деп атап көрсетеді [4. 89,90].

Журналистиканың негізгі міндеті – қалың бұқараға ақпарат тарату, қатардағы қарапайым жұмысшыдан ел тізгінін ұстаған азаматтарға дейін жергілікті елдімекен, ауыл, қала, облыс, республика төңірегінде, қажет болған жағдайда, мемлекеттен тыс, әлемдік аренада орын алып жатқан түрлі деңгейдегі оқиғалар мен іс-шаралардан хабардар ету.

Жоғарыда атап өткендей, бүгінгі таңда халықты ақпараттандыру мәселесіне ерекше мән беріледі. Осы тұста әлем журналистикасы зор қарқынмен дамумен қатар жаһандандудың көшінен де қалыспай, БАҚ-тың жаңа түрлерін, үрдістерін қалыптастырып келеді [3.21]. Бұған бірден бір себеп, адамзат қазір жаһандану кезеңінде өмір сүріп жатыр. Жаһандану дегеніміз не? Жаһандану ұғымына лайықты анықтаманың бірін британдық әлеуметтанушы Энтони Гидденс берді, оның пайымдауынша, жаһандану дегеніміз – жергілікті жерде орын алып жатқан оқиғалардың негізгі тізбегіне, құрамдас бөлігіне алыс шалғайда жатқан

елдімекендердің қарым қатынасы бар секілді етіп көрсету және де жер бетінде бір бірінен мындаған қашықтықта орналасқан мемлекеттердің байланысын жақындатып, жақсарту немесе керісінше алшақтату».

Академик Ғ. Есім айтқандай «...біздің өмір сүріп жатқан қоғамымыздың мазмұнын анықтайтын фактор – ақпарат. Оны біз ақпараттық қоғам деп те жүрміз. Бүкіл әлем бір сәтте үйіңізге сыйып кетеді. Интернет, электрондық пошта жүйесі, жетілген коммуникация әлемді тұтастырып барады. Бұрынғыдай әр елдің «сырын» сақтау мүмкін емес. Ел ішіндегі оқиға күні ертең әлем тілдеріндегі басылым беттерінде жария етілмек. Мұның бәрі қазақстандықтардың ой-өрісіне, сенім-санасына, мінезіне, тұрмысына сапалы өзгерістер енгізуде» [4.3]. Демек таратылатын ақпарат тек белгілі бір шеңберде, өз деңгейінде ғана қалып қоймауы тиіс. Ақпарат шекара асып, өзге шет мемлекеттердің де біз жайлы ақпарат алуға, алмасуға, бөлісуге, оны сараптауға, бөлісуге толық мүмкіндігі бар. Бұл – жаһандану процесінің негізгі элементтерінің бірі.

Қазіргі таңда дүниежүзілік ақпарат әлеміндегі ірі өзгерістерден, жаһандану процесінен ешбір елдің саяси өмірі мен БАҚ тыс тұра алмайтын күрделі кезеңмен бетпе-бет жүздесіп отырмыз.

Масс медиа жаһандануында мемлекет пен қоғам үшін оң және теріс жақтары бар. Бұл ретте, біз әлемдік жаһандану үдерісінің Қазақстанның жағымды имиджін қалыптастыруға септігін тигізіп отырғанын атап өткім келеді. Нақты айтқанда, ұлы даламыздың салт-дәстүр, өнер, мәдениет саласында жеткен жетістіктері мен алған асуларын шетелдік алпауыт БАҚ өкілдерінің радио, газет-журнал, ресми әлеуметтік желілер мен телеарналарда жариялауы.

Көне заманда «культура» деген ұғым «жерді өңдеу» деген мағынаны берген. Кейірек, Цицеронның еңбектерінде (б.э.д 4-5ж.) бұл сөздің мағынасы тереңдеп, жанды жетілдіру деген ұғымды білдірді. Уақыт өткен сайын еуропалық тілдерде мәдениет сөзі «білім беру», «даму», «қабілеттілік», «құрметтеу» сияқты мағыналарға ие бола бастады [1.6].

Мәдениеттің ең негізгі қызметі – адамға қызмет жасау және әлеуметтік тәжірибені тарату. Мұның мәнісі – мәдениет бір ұрпақтың тәжірибесін екінші ұрпаққа, бір кезеңнен екінші кезеңге, бір елден екінші елге жеткізу деген сөз.

Сондықтан да мәдениетті «адамзаттың әлеуметтік есі» деп атайды. Мәдени жалғастықтың жойылуы жаңа ұрпақтың әлеуметтік есінің жоғалуына (Ш.Айтматов) алып келіп, жастарды үлкен рухани кедейшілікке ұрындырады. Мәдениеттің тағы бір маңызды қызметі – танымдық қызметі. Мәдениеттің парасаттылығы көбінесе өткен кезеңдердің мәдени құндылықтарын пайдалана білу деңгейімен байланысты. Қоғамның барлық түрлері осы жағдайға байланысты бір-бірімен ажыратылады. Кейбір елдер мәдениет арқылы өткен кезеңнің тәжірибесін алып, өз қажетіне шебер қолданады.

Мұндай қоғам (мыс: Жапония) ғылым, техника, өндіріс салаларында аса зор табыстарға жетті. Кейбір қоғам мәдениеттің осы танымдық қызметін дұрыс пайдалана алмағандықтан, дамуы жағынан көп артта қалып қойды[2.8].

Журналистика – әлем мәдениетінің ажырамас бір бөлігі әрі құндылығы болумен қатар саясаттың және шығармашылықтың ерекше бір құбылысы. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Зүлкәпіл Мәулетұлы: «Ерекше мәдени көрініс ретінде журналистика рухани және материалдық құндылықтардың дамуына оң ықпал етіп, адамзат өркениетіне баға жетпес үлес қосып отыр» - дейді [3.5].

Осы ретте Қазақ мәдениетінің өзге мәдениеттерден кем емес екенін, керісінше ұлтымыздың тарихына көз жүгіртсек, әлемдік деңгейде мәдени мұра болуға тұрарлық жәдігерлер мен ескерткіштер баршылық. Мәселен, бұған дәлел ретінде, бастауын 2017 жылы Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған «Алтын адамның» әлем мұражайларына шеруі» іс-шарасын атап өтуге болады.

2017-2022 жылдар аралығында жоба әлемнің алыс жақын 13 мемлекетін аралаған. Атап айтатын болсақ, олар: Беларусь, Ресей, Әзірбайжан, Польша, Қытай, Оңтүстік Корея, Татарстан, Өзбекстан, Түркия, Греция, Малайзия, Башқұртстан, Солтүстік Македония.

Халықаралық жоба 2017-2018 жылдар арасында 6 мемлекетке, 2018-2022 жылдар аралығында 7 мемлекетке ат басын бұрған. Халықаралық «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» музей жобасының мақсаты – Есік қорғанынан табылған «Алтын адамды» әлемнің жетекші музейлерінде көрсету арқылы шетелдік көрермендерді халқымыздың ежелгі тарихымен, бай мәдениетімен және қайталанбас өнерімен таныстыру болатын.

Алтын адам (б.з.б. 5 ғ.) Алматы облысы, Есік қаласынан солтүстікке қарай Есік өзенінің сол жақ жағалауындағы темір дәуірінен сақталған сақ обасынан табылған алтын киімді сақ жауынгерінің мүрдесін 1969 жылы археолог К. Ақышев тапқан. Қабір шырша бөренелерден жасалған, сақ жауынгерінің басы батысқа қаратылып жатқызылған. Қабірдің оңтүстік және батыс шеттерінде металл, қыш, ағаштан жасалған ыдыстар, зергерлік бұйымдар қойылған. Алтын адам 4 мыңға жуық жеке бөлшектерден тұратын әшекеймен безендірілген. Әшекейлер барыс, бұлан, таутеке, арқар, жылқы, түрлі құс бейнерін беретін «аң стилінде» жасалған. Бассүйектің сол жағынан жаһұт тастармен әшекейленген алтын сырға табылды. Бас киімі кейінгі қазақ киімі үлгілеріне ұқсас, биік шошақ төбелі, ұзындығы 70 см шамасында. Мойнында дөңгелек жүзік сияқты алтын алқа, іш көйлегі, көкірегінің тұсы, жені алтын тоғалармен өрнектелген, саусағында екі алтын жүзік, камзолы құрастырмалы белбеумен буылған. Бұл адамның б.з.б. 5-4 ғасырларда өмір сүргені анықталды. Киім үлгісі, жерлеу рәсімі Алтын адамның Жетісу жерін мекендеген сақтардың көрнекті елбасы немесе жас көсем, әскербасы екенін айқын көрсетті. Табылған күміс тостағандағы 26 жеке әріптер қатары сол кездің өзінде Жетісу сақтарында көне әліпби түрлері қолданылғанын байқатады. Көне дәуірдегі материалдық мәдениет, өнер, мифология, т.б. салалардан мол дерек беретін Алтын адам сол кездегі сақтарда қалыптасқан өркениет болғандығын дәлелдейді. Қазір Алтын адам – Қазақстанның тәуелсіздік символы. Оның тұлғасы Алматыдағы Республика алаңына орнатылды, төбе бөркіндегі қанатты тұлпарлар бейнесі мемлекетіміздің нышаны болып табылатын елтаңбаға енді [5.48].

Әлемдік жобаның шеруі 2017 жылдың 1-28 желтоқсан күндері Беларусь елінің Минск қаласынан басталған. Минск қаласы мұражайының ұлттық көрме залдарында «Ұлы дала көшпенділері» атты көрме ұйымдастырылды. Сақ жауынгерінің қайта қалпына келтірілген мүсінінен басқа көрменің экспозициясында «Берел» қорғанынан табылған ежелгі көшпенділердің бұйымдары қойылған. Жалпы санағанда Ұлттық музей көрермен назарына 232 экспонат ұсынған.

Ешқандай мәдениет жеке дара емес. Ол әрқашан басқа мәдениеттермен байланыса отырып тіршілік етеді әрі соның нәтижесінде жетістіктерге жетеді [1.38]. Бұл тұшымды ойдың дәлелі ретінде «Алтын адам» экспонатының Балтық теңізінің жағалауында орналасқан – Польша мемлекетіне жасаған сапары айғақтайды. 2018 жылы қазан айында Польшаның Гданьск қаласында «Алтын адамның әлем мұражайларына шеруі» көрмесінің салтанатты түрде ашылу рәсімі өтті.

Гданьск тарихи музейінің директоры Анна Фраковская былай деп ой шертеді: «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі Польша мемлекетінде өткізген көрмесі Орта Азия елдерімен ынтымақтастықты дамыту аясында бірігіп жасаған алғашқы жоба. Қазақ халқының мәдениетімен тарихынан сыр шертетін бұл экспозиция «Поляктар» үшін пайдалы болатыны сөзсіз. Біз үшін мұның барлығы қызықты, себебі «сақтардың» тарихы «сарматтармен» тығыз байланысты, ал «сарматтар» «сақтардың» арғы тегі есептеледі.

«Сақтар» – біздің заманымыздан бұрынғы 1-мыңжылдықта Орталық Азия мен Қазақстан, Шығыс Түркістан жерлерін мекен еткен тайпалар. Олар тарихта «скифтер» деген атаумен белгілі. Есік қорғанынан табылған жазу сақтардың көне түркі тілінде сөйлегенін көрсетеді.

Бүкілресейлік сәнді қолданбалы және халықтық өнер музейінің бас кеңесшісі Галина Андреева: «Экспонаттар – мұражайға келушілер, әсіресе жастар тарапынан үлкен қызығушылық тудырды, тіпті студенттерге «Алтын адам» жәдігері бойынша арнайы дәрістер сериясы: сабақтар өткізілді» – дейді [7].

Тарихқа зер салсақ, Мәскеу халқы мұндай қызықты жобаны 1973 жылдан бастап «Тутанхамон» көрмесі өткізілгеннен бері көрмеген. Алтын адам көмілген мазарда 4000 жуық алтын бұйымдар табылған. Сондықтан алтын адамды мысырлық «Фараонмен» салыстыру әдетке айналып кеткен.

«Алтын адам» сапарының келесі нүктесі Әзірбайжанның Баку қаласында орналасқан тарихи мұражай болды. Ұлттық музей директорының Махфуза Зейналлованың дерегіне сүйенсек, қысқа мерзім ішінде «Алтын адамды» он мыңға жуық көрермен тамашалаған. Сондай-ақ көрме ғылыми ортада ғана емес, әзірбайжан халқының арасында үлкен резонанс тудырғанын атап өткен.

XX ғасыр мәдениеті көп келбетті, оның басты себебі – мәдениеттердің ұлы тоғысуы, сұхбаттасуы және тұтастануы. XXI ғасыр біртектес адамдық мәдениеттің аймағына зор екпінмен еніп келеді [1.38]. Осы тұста «мәдениет» бүкіл адамзатқа ортақ ұғым екенін атап өткен жөн. Мәдениет ұдайы тарихпен байланысты. Бүгін әлемдік аренада, Қазақстан және Корей елдері арасында өнер, мәдениет, білім, өркениет, әлеумет, медицина, тарих, экономика салалалары бойынша бір-бірімен біте қайнасып, тығыз байланыс орнатып жатқанын жоққа шығаруға болмайды.

«Алтын адамның» әлем мұражайларына шеруі» бағдарламасы аясында «Оңтүстік Корей Ұлттық мұражайының» директоры Бая Кизон «Хабар 24» арнасының тілшісіне берген сұхбатында: «Біз Қазақстанды Ұлы Жібек жолының ұлы елі ретінде білеміз. Бұл көрме сіздердің елдеріңіздің бай тарихын көрсетеді. Алтын адамның арқасында корейліктер Қазақстан тарихына қызығушылық танытады деген ойдамын. Қазіргі таңда Қазақстанда көп этникалық корей ұлтының өкілдері өмір сүріп жатқандығын білеміз. Қазақстан тарихы корей еліне жеткендігі олар үшін үлкен мақтаныш», - деді.

«Оңтүстік Корей Ұлттық мұражайының» Азия өнері департаментінің директоры: «Қазақстан мен Кореяның қарым-қатынастары сәтті дамып келе жатыр. Көптеген кәрістер «Golden man» брендіне қызығушылық танытуда» –деп ой қорытты. Сондай-ақ, Кемал Ақышев атындағы зерттеу институтының директоры Марал Хабдуллинаның айтуынша, корейліктерді алтын адамның бас киімі ерекше қызықтырды. Бізде ғұн дәуіріне тиесілі «Қарғалы диадемасы» бар. Оның пішіні домалақ «полихрон» стилінде жасалған. Корей халқында да «сила» дәуіріне тиесілі дәл осындай «алтын тәждер» бар екендігін мәлімдеді. Расымен де, бұл бас киімдегі бір ғана ұқсастық, корей және қазақ елдерінің тарихы мен мәдениетінде әлдебір сабақтастықтың болғанын байқатады.

2019 жылы халықаралық жоба «Қазан Кремлі» музей-қорығының «Манеж» көрме залынан бастау алды [7.1]. Одан әрі «Ұлы дала: тарих және мәдениет» көрмесі мемлекеттік «Қазан Кремлі» қорық-музейінде ойдағыдай өтті. **Бұл мәдени іс-шара жайында 2019 жылдың наурыз айының 19 күні «Казанский репортер» ақпараттық сайтында былай деп хабар таратқан:**

На основе этих находок реконструкторы воссоздали одежду погребенного. «Золотой человек» носил красный кафтан и высокий головной убор, который заслуживает особого внимания. На головном уборе высотой 65 сантиметров находятся четыре стрелы. Они являются знаком правителя и символизируют 4 стороны света. Еще одно важное изображение на головном уборе – тулпары. В Азии звери с крыльями являются отличительным знаком – символом верховной власти. После изучения находки ученые сделали вывод, что «Золотой человек» принадлежал к правящей династии.

На одном из драгоценных перстней вождя нанесено изображение бога солнца - Митра. Второй перстень представляет собой гладкую сферу. Сакский вождь, судя по всему, правил недолго. Он был погребен в возрасте от 18 до 25 лет. Предполагаемая причина смерти – удар клинком в спину. Нет полной уверенности и в половой принадлежности усопшего. Ученые не исключают, что «Золотым человеком» могла быть женщина [8].

Осы тұста 2019 жылғы 18 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде халықаралық «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» музей жобасының қорытындысы бойынша баспасөз мәслихаты өтті. Осы басқосуда «Қазан Кремлі» қорық-музейі

жанындағы Ислам мәдениеті музейінің директоры Ильнур Низамиев Татарстанда өткен көрмені былай деп қорытындылады: «Алтын адамның көрмесін біздің еліміз өте жылы қабылдады деуге болады. «Ұлы дала: тарих және мәдениет» көрмесі мемлекеттік «Қазан Кремлі» қорық-музейінің «Манеж» көрме залында ұйымдастырылды. Арнайы экскурсия дайындалды. Көрме археологиялық қазбаларымен ерекшеленеді. Қазақстанның мәдени мұрасы, тарихи жәдігерлерімен танысуға тек жергілікті халық ғана емес, Татарстанға келген туристер де зор қызығушылық танытты.

Сондай-ақ осы жиында Малайзия музейлер департаментінің саяси және стратегиялық жоспарлау бөлімінің кураторы Мастура бинти Мохд Сах мынадай ойын білдірді: «Ұлы дала: тарих және мәдениет» көрмесі малайзиялықтарды қатты таңдандырды. Қазақстанның ежелгі тарихын, мәдениетін, бай мұрасын көру үшін біздің музейге мемлекеттік орган, қоғамға танымал азаматтар көп келді. «Алтын адамның» өзіне балалар ерекше қызығушылық танытып, оларға арнайы квест сабақтар ұйымдастырылды. Туристік ұйымдар елімізге келген қонақтарды аталған көрмеге арнайы әкеліп, бұл көрмемен таныстырды. Жалпы бұл көрме екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынасты нығайта түседі», – деп өз пікірін білдірді [9].

Бүгінде жаһандастыру процесі қоғамдық, рухани, әлеуметтік, саяси қызметтердің нормаларын, стандарттарын, теңестіру мақсатын көздеп отыр. Бұл құбылысқа біз ұлттық мүдде тұрғысынан белді бекем буып, өз құндылықтарымызды сақтап қалу жолында мықты әзірлікпен, рухани мол потенциалмен, зор қабілеттілікпен баруға тиіспіз [3.72].

«Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты басшысы Ақан Оңғар: «Шетел азаматтарының біздің ел туралы көп білмейтіндіктерін байқап, олардың тарапынан жан-жақты сұрақтар туындап, тарихын танығылары келгендіктен, биылғы жылғы көрмеде тәуелсіздіктің нышаны саналатын «Алтын адамды» басты экспонат ретінде ала отырып, қазақ халқының және жерінің тарихын көрсетуге тырыстық», – деп атап өткен болатын.

Алты жыл уақыт аясында әлемнің 13 мемлекетін аралаған Алтын адам экспонаты халқымыздың көшпенді мәдениетінің қалыптасуын, ежелгі металлургияның дамуын, сақ дәуіріндегі аң стилінің ерекшелігі мен сабақтастығын, Ұлы Жібек жолының ортағасырлық қала мәдениетіне өзіндік әсерін жан-жақты таныстырды. «Алтын адам» жәдігері арқылы біз қазақ ұлтының мәдени тарихын таныстырып қана қоймай, өзге ұлт өкілдерімен маңызды әрі мәнді сұхбат орната білдік. Мәдениеттер сұхбаты мәдениеттерді байытады, өйткені «басқа» - менің шегім емес, менің басқа мүмкіншілігім. Мұндай қағида қандай да болмасын мәдени – әлеуметтік өзіншілдікке жол бермейді [1.54]. Бір сөзбен айтқанда, мәдениет тарихынан сыр шертетін осындай жобалар мемлекеттік имидж қалыптастыруда өз жемісін береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А., - «Мәдениеттану», Алматы: «Раритет» 2007ж.,
2. Нағымұлы Ш. Кәсіптік білім «Мәдениеттану», Астана: «Фолиант» баспасы, 2007ж.
3. Шамахайұлы Қ. XX ғасырдағы әлем журналистикасы, Астана: 2007.
4. Шамахайұлы Қ. Демократиялық қоғамдағы баспасөз және ақпарат құралдары. – Астана, 2006.
5. Тасмағамбетов И.Н. «Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалық, Алматы: «Аруна» баспасы, 2005.
6. Жұмаханов Т., Шаңбай Т., Жұматаев Б., Л.И. Титенко. Ежелгі Қазақстан. Қазақстан балалар энциклопедиясы – Алматы: «Аруна» баспасы, 2006.
7. <https://www.24khabar.kz>: «Алтын адам: Art global»
8. <https://kazanreporter.ru>: «1 день - 1 экспонат»: «Золотой человек».
9. <https://nmrk.kz>: «Мәдени мұра»